Т.А. Абиева

НЕКЕНІ БҰЗУДЫҢ НЕКЕНІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Некені жарамсыз деп танудың некені бұзудан өзіндік айырмашылығы бар. Егер некені бұзудан кейін тұлғалардың құқықтық қатынастары тоқтатылса, ал некені жарамсыз деп тануда тұлғалардың құқықтық қатынастары ол тіркелген кезден бастап тоқтатылған деп саналады. Сондықтан жарамсыз деп танылған некеде тұрған ерлі-зайыптылардың ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңында қарастырылғандай ешқандай құқықтары мен міндеттер туындамайды.

Некені бұзудың некені жарамсыз деп танудан айырмашылығы айтарлықтай. А.М. Нечаевтың ойынша, егер неке бұзылған жағдайда некеге тұрған тұлғалардың арасындағы қарым-қатынастар болашақта тоқтатылса, некенің жарамсыз деп тануымен қарым-қатынастар некеге тұрғаннан бастап тоқтатылады. Бұл некенің мүлдем тіркелмегеніндей болады [1].

Сонымен қатар, некені бұзу мен жарамсыз деп танудың айырмашылықтарының бірі сотқа талап етуге құқылы тұлғалардың шеңберінде: егер некені бұзу үшін сотта ерлі-зайыптылардың біреуі, ерекше жағдайларда прокурор немесе қорғаншысы талап етуге құқылы болса, ал некені жарамсыз деп тану үшін осы тұлғалармен қоса, осы неке арқылы құқықтары бұзылған жеке немесе қоғамдық мүдделі тұлғаларда талапкер болып табыла алады.

Неке ерлі-зайыптылардың бірге тұра алмауы негізінде бұзылса, некені жарамсыз деп тану олардың жеке қарым-қатынастарына байланысты емес. Сондықтан, некені жарамсыз деп тану кезінде ерлі-зайыптыларға татуласу үшін уақыт берілмейді.

Некені жарамсыз деп тануды тек сот жүргізгеніне қарап, оның өте маңыздылығын байқаймыз. Некені жарамсыз деп танудың негіздерінің бірі - некеге тұру шарттарының бұзылуында, яғни:

- Өзара ерікті келісімі.
- Неке жасына жетпеуі мен олардың заңда көзделген төмендетуге келісімнің болмауы.
- Жалған неке.
- Егер некеге тұрушы адамдардың біреуі екіншісінен құрылған отбасы мүшелеріне, жеке басының және қоғамның қауіпсіздігіне нақты қатер төндіретін ауруы бар екенін жасырса.
- Сонымен қатар, заңда белгіленген некеге тұру шарттары бұзылған жағдайда.

Аталған некені жарамсыз деп тану негіздерінің әрқайсысы өзіндік ерекшеленеді. Мысалы, жалған неке туралы айтар болсақ, некеге тұрушылардың отбасын құру мүддесі болмайды, сыртқы белгісінде ерлі-зайыптылар бірге тұрмайды және т.б.

Егер некені жарамсыз деп тану туралы іс қаралатын сәтке, заңға орай оның қиылуына кедергі жасаған мән-жайлар жойылса, некені жарамсыз деп тануға болмайды. Сондай-ақ, егер мұндай некені тіркеткен адамдар істі сот қарағанға дейін іс жүзінде отбасын құрса, сот некені жарамсыз деп тани алмайды.

Жоғарыда көрсетілген негіздердің әрқайсысы айқындылықпен ерекшелінеді. Ал жалған некеге келетін болсақ, жалған неке ол - «Неке және отбасы» Заңына сәйкес, отбасы құру ниетінсіз заңда белгіленген тәртіппен жасалған және ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін туғызбайтын неке. Оның сыртқы белгілеріне ерлі-зайыптылардың бірге тұрмауы, бір-біріне қамқорлық көрсетпеуі, ортақ шаруашылық жүргізбеуі. Жалған некеге тұру жағдайында сотқа некені жарамсыз деп тану талабын прокурор немесе некенің жалғандығы туралы білмеген тұлға бере алады.

Неке жасы Қазақстан Республикасының Заңы бойынша еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленген. Сонымен қатар, дәлелді себептер болған жағдайда некеге ата-аналарының немесе қорғаншыларының келісімімен АХАЖ органдары неке жасын он алты жасқа дейін төмендете алады. Егер неке жасына толмаған адаммен неке қиылса, кәмелетке толмаған жұбайы, оның ата-анасы (оларды ауыстыратын адамдар), қорғаншы және қамқоршы орган немесе прокурор некені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Кәмелетке толмаған жұбай он сегіз жасқа толғаннан кейін некені жарамсыз деп тануды талап етуге тек оның өзі ғана құқылы болып табылады.

Егер некеге тұруға ерлі-зайыптылардың бірінің ерікті келісімі болмаған жағдайда: мәжбүр ету, алдау, қателесу немесе өзінің жай-күйінің салдарынан некеге тұруды мемлекеттік тіркеу кезінде өзінің әрекеттерінің маңызын түсінбей және өзін-өзі билей алмауы себепті неке қиылған болса,

некеге тұру арқылы құқығы бұзылған жұбай, сондай-ақ прокурор некені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Заңда некеге тұруға жол берілмейтін адамдар көрсетілген, яғни олар:

- басқа тіркелген некеде тұрған адамдардың, алғашқы некесі бұзылмаған;
- тікелей ата-тегі бойынша және өзінен тарайтын жақын туыстардың (ата-аналар мен балалардың, атасының, әжесінің және немерелерінің), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек әкесі немесе анасы ортақ ағалы-інілер мен апалы-сіңлілердің (аға-қарындастардың);
- асырап алушылар мен асырап алғандардың;
- біреуін болса да психикалық ауруының немесе ақыл есі кемдігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың арасында жол берілмейді.

Некені қиюға кедергі келтіретін бұндай мән-жайлардың бар екенін білмеген жұбай, әрекетке қабілетсіз деп танылған жұбайдың қорғаншысы, оның алдындағы бұзылмаған неке бойынша жұбайы, осы талаптарын бұза отырып, қиылған неке арқылы құқықтары бұзылған басқа да адамдар, сондай-ақ, қорғаншы және қамқоршы орган мен прокурордың талабы бойынша сот некені жарамсыз деп тануы мүмкін.

Сотта әр тұлғаның өз әділдігін, некесінің дұрыстығын қорғауға, дәлелдемелер ұсынуға құқылы. Сонымен қатар, заңда некенің жарамсыздығын болғызбайтын мән-жайлар көрсетілген:

Егер некені жарамсыз деп тану туралы іс қаралатын сәтке заңға орай оның қиылуына кедергі жасаған мән-жайлар жойылса, некені жарамсыз деп тануға болмайды.

Егер кәмелетке толмаған жұбайдың мүдделері талап етсе, сондай-ақ оның некені жарамсыз деп тануға келісімі болмаған жағдайда сот неке жасына толмаған адаммен қиылған некені жарамсыз деп тану туралы талап-арыздан бас тарта алады.

Егер мұндай некені тіркеткен адамдар істі сот қарағанға дейін іс жүзінде отбасын құрса, сот некені жалған деп тани алмайды.

Ерлі-зайыптылардың арасында заңмен тыйым салынған туыстық дәрежесі болған не некені тіркеу кезінде ерлі-зайыптылардың біреуі басқа бұзылмаған некеде тұрған жағдайларды қоспағанда, некені ол бұзылғаннан кейін жарамсыз деп тануға болмайды [2].

Некені жалған деп тану кезінде тараптардың мақсаты мен сезіміне қарай, оларды адал ниетті және адал ниетсіз деп бөлуге болады. Әрине кейбір жағдайларда, бұлай толық айыру қиынға соғады. Өйткені, тек қасындағы адамдарды ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік органды, АХАЖ қызметкерлерін алдап, бірігіп әрекет етуі де мүмкін. Ал кейбір жағдайларда адал ниетті тарап екінші жақтың ниетін біле тұра, оның ойының өзгеруіне үміттенеді, бұл жағдай да оны қалай адал ниетті деп айтуға болады. Сондықтан көп жағдайларда, некенің жалған екенін дәлелдеу қиын [3].

Неке және отбасы Заңы адал ниетті жұбайына кейбір айрықша құқықтар берген, некені жарамсыз деп тану туралы шешім шығарған кезде сот некені жарамсыз деп тану үшін негізге алынған мән-жайлардан некеге тұру кезінде бейхабар болған жұбайдың (адал ниетті жұбай) екінші жұбайдан:

асырауға қаражат алу құқығын тануға құқылы,

некені жарамсыз деп таныған кезге дейін бірлесіп сатып алынған мүлікті бөлуге құқылы,

неке шартын толық немесе ішінара жарамды деп тануға құқылы,

Адал ниетті жұбай азаматтық заңдарда көзделген ережелер бойынша өзіне келтірілген материалдық және моральдық зиянды өтеуді талап етуге құқылы,

Адал ниетті жұбай некені жарамсыз деп таныған кезде өзі неке қиюды мемлекеттік тіркеу кезінде таңдаған тегін сақтап қалуға құқылы.

Кей-кездері некені тіркеу кезінде бір мезетте бірнеше шарттардың бұзылуы мүмкін: бұзылмаған некеде тұрған тұлға кәмелетке толмаған тұлғамен, белгіленген тәртіппен неке жасын азайтпай жаңа некеге тұруы, ақыл есі кем тұлғамен некеге тұру және т.б. Бұл шарттардың кез-келгенінің бұзылуы некені жарамсыз деп тануға әкеледі.

Жарамсыз некеде тұрған азаматтарда жеке және мүліктік құқықтар мен міндеттер туындамайды. Некені жарамсыз деп таныққаннан кейін ерлі-зайыптылар неке тіркелген кезде алған бір-бірінің тегін иелену құқығынан айырылады. Жарамсыз некеде алынған мүлікке ортақ меншік режимі тарамайды. Мүлікті қай жұбайы сатып алса, соның мүлкі деп саналады.

Осылайша, некені бұзу некені жарамсыз деп танудан ерекшеленеді. Заңда бекітілген шарттарды бұзу жолымен тіркелген неке жарамсыз неке деп танылады, сондықтан ол пайда болған кезден бастап ешқандай құқықтық қатынастар туындамайды. Шынайы некені ғана бұзуға болады. Шынайы некеден туындаған құқықтық қатынастар тек болашақ кезде ғана тоқтатылады. Олардың кейбіреулері неке бұзылғаннан кейін де жалғасуы мүмкін. Некені бұзу мен некені жарамсыз деп

тану тәртібі де бөлек. Неке сотта және АХАЖ органдарында бұзылуы мүмкін, ал неке жарамсыз деп тек сотпен танылады.

Егер сот некені жарамсыз деп тану туралы шешім шығаратын болса, соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде АХАЖ органына жіберіліп некесін жояды. Сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері жойылады, олардың бірлесіп сатып алған мүліктің құқықтық режимі үлестік меншік туралы ережелермен реттеледі. Ал егер неке шарты болса, ол ішінара немесе толық жарамсыз болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.[4] Некені жарамсыз деп тану мұндай некеде туған немесе неке жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жүз жетпіс күн ішінде туған балалардың құқығына нұсқан келтірмейді. Адал ниетті жұбайы азаматтық заңдарда көзделген ережелер бойынша өзіне келтірілген материалдық және маральдық зиянды өтетуді талап етуге, өзі неке қиюды мемлекеттік тіркеу кезінде таңдаған тегін сақтап қалуға құқылы. Отбасы құқығындағы арнайы санкцияларының бірі болып табылатын – некені жарамсыз деп тану адамдардың конституциялық құқықтарын қорғайды.

1. Нечаев А.М. Семейное право: курс лекций. -М.,1998.115 б.
2. Қ.Р. Неке және отбасы туралы Заңы,17.12.1998 ж. - Алматы: Юрист, 2011.
3. Пчелинцева Л.М. Семейное право России. - М.1999, 207б.
4. Қ.Р Конституциясы, 30.08.1995ж., Алматы: Юрист, 2011.

***

Given article is devoted the analysis of studying of cancellation and the marriage termination under the family legislation of Republic Kazakhstan.

***

Данная статья посвещенна анализу изучения расторжения и прекращения брака по семейному законодательству Республики Казахстан.

А.М. Людинина

СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА НЕТРУДОСПОСОБНЫХ ГРАЖДАН: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РАЗРЕШЕНИЯ

Современные представления о социально-правовой защите нетрудоспособных граждан проистекают из особенностей социальной политики государства Республики Казахстан и опираются на теоретические представления о нетрудоспособных, ее взаимодействии с государством как в правовом, так и в социальном аспектах. В представляемой статье социально-правовая защита нетрудоспособных граждан рассматривается не только как социальный институт, но также как объект социально-правовой защиты государства.

Социальная защита, как социальный институт, представляет собой совокупность правовых норм, призванных решать определенные социальные и экономические проблемы, на государственном уровне и в международном контексте. Проблемы, которые решаются государством в сфере социально-правовой защищенности, связанны с категориями граждан, которые в силу утраты трудоспособности, отсутствия работы либо по другим причинам не имеют достаточных средств для удовлетворения своих жизненно важных потребностей и потребностей нетрудоспособных членов семьи. Именно поэтому социальная защита призвана обеспечивать определенный уровень доступа к жизненно необходимым благам и благосостоянию граждан, которые в силу неблагоприятных обстоятельств (старость, состояние здоровья, потеря кормильца или работы) не могут быть экономически активными и обеспечивать себя доходами путем участия в достойно оплачиваемом труде [1].

В рамках систем социальной защиты, таким гражданам при наступлении установленных законодательством неблагоприятных событий представляется помощь компенсационного характера в денежной и натуральной форме различного рода услуг. Кроме того, системы социальной защиты осуществляют меры профилактического характера, направленные на предотвращение неблагоприятных событий.

Социальная защита осуществляется в различных организационно-правовых формах, включая такие, как индивидуальная ответственность работодателей, страхование, социальное страхование, адресная социальная помощь, государственное социальное обеспечение и другое. Использование тех или иных организационно-правовых форм социальной защиты может иметь различные